

№1 педагогикалық кеңестің хаттамасы күн тәртібі

Күні: 28.08.2023ж.

Тақырыбы «Жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары».

Қатысушылар :

Балабақша меңгерушісі :Д.Ирзабекова

Тәрбиешілер саны : 4адам

Пән мұғалімдері: 3

Барлығы: 8

Мақсаты: 2023-2024 жаңа оқу жылында тәрбиелеу-оқыту жұмысын ұйымдастыру. 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру. Тамыз кеңесі материалдарымен таныстыру.

Күн тәртібінде:


1. Балабақша меңгерушісі Д.О.Ирзабекова алғы сөзі. Жаңа оқу жылының басталуымен құттықтау. Күн тәртібімен таныстыру
2. Білім беру қызметкерлерінің тамыз кеңесінің материалдарымен таныстыру. 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру
- 3.Жазғы сауықтыру – шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын талқылау, қорыту
4. 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту:
 - жылдық мақсат пен міндеттерді;
 - оқу жоспарларын, вариативтік бөлімін бекіту;
 - ұйымдастырылған іс-әрекеттерді бөлу кестесі;
 - перспективалық жұмыс жоспарлары;
 - күн тәртібі кестесін бекіту
5. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін анықтап, бекіту.
- 6.Тренинг «Өзіне деген сенімділікті арттыру» . «Мен 2023-2024 оқу жылы...»
мақсатты тренинг: әдіскер Ирзабекова.Д.О.
7. «Үздік дамытушы орта» байқауын қорытындылау
8. Педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау және бекіту.


2023-2024 оқу жылының №1 педкеңесі дәстүрден тыс тәсілде өтті. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Д.О.Ирзабекова сөз алды. Педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылына толағай табыстар тіледі. 2022-2023 оқу жылына қорытынды жасалынып, жасалған жұмыстардың нәтижесін атап өтті.

Тәрбиеленушілердің мониторингісіне тоқталып, балалардың коммуникативтік білім дағдыларын дамыту бойынша іс-әрекеттерді көбейтуді тапсырды.

Екінші мәселе бойынша әдіскер Д.О.Ирзабекова білім беру қызметкерлерінің тамыз кеңесінің материалдарымен таныстырды. Биылғы бағдарлама жоспары бойынша «DIGITAL KAZAKHSTAN: Заманауи білім беру» бағыты негізінде балалар мен педагогтарды жасанды интеллект түрлерімен таныстыруды бастайтынын айтты және кешенді жұмыстар басталатынын ежткізді. 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру жүргізді. Презентацияда әр бөлім бойынша өзгерістер толықтай айтылды, бағдарлама аясында бөбекжай миссиясы анықталды. Жаңа оқу жылы жасанды интеллект технологияларын меңгеру жылы болатынын ескертті, онымен қоса балаларға экологиялық білім беру, қауіпсіздік туралы нұсқаулықтар жан-жақты түсіндірілді. 2023-2029 жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдама бойынша «Біртұтас тәрбие» бағытында кешенді бағдарлама аясында жұмыс жасалатынын айтып, дамытушы орталықтарды кеңейтуді ескертті. Балаларға арналған ұлттық бұрышта арнайы қамшы өру, шаш өру бұрыштарын және балаларға арнайы жайлы демалыс орны болуы керектігін де атап өтті. Тәрбиешілердің сұрақтарына жауап берілді, нұсқаулық бойынша аналар, әжелер, әкелер мектебі бойынша кешенді жұмыстар жалғасатынын да айта кетті.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер жазғы сауықтыру – шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын қорытындылады. Жазғы сауықтыру кезеңінде үш кезекші топ жұмыс жасады, әр апта сайын ауданға есеп жіберіліп отырды, ресми парақшаға жазғы сауықтыру кезеңінде видеоматериал жүктелгенін атап өтті. «Құрметт педагог, сіз үшін жазғы сауықтыру кезеңі қалай өтті?» тақырыбында жасанды интеллект көмегімен қорытынды жасасақ. Шедеврум аи нейрожелісі арқылы жазғы сауықтыру кезеңін қорытындылайық. Сіз өз сипаттамаңыз бойынша нейрожелі көмегімен сурет саласыз, салынған суретке түсіндірме жасалды. Педагогтардың нейрожелі арқылы салған суреттері:





Төртінші мәселе бойынша 2023-2024 оқу жылының жылдық жұмыс жоспары бекітілді. 2023-2024 оқу жылы шыққан әдістемелік нұсқаулық хат негізінде мерекелік іс-шаралар талқыланды. Жаңа оқу жылындағы өзгерістер айтылды. Педагогтардың сұрақтарына жауап берді. Барлық топтарға ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесі, вариативтік бөлім кестесі, перспективалық жоспарлары, таңғы жаттығу және әнұран айту кестесі, күн тәртібі кестесін бекітіліп, таратылды. Бөбекжайдың жас мамандарына тәлімгерлер бекітілді. Тәлімгерлік жұмыс бойынша жоспар құрылды.

Бесінші мәселе бойынша күзгі аттестациядан өтетін педагогтардың тізімі анықталды, портфолио мен тестілеуге дайындықты бастауды тапсырды.

Алтыншы мәселе бойынша балабақша әдіскері Д.О.Ирзабекова педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылына мотивациялық «Өзіне деген сенімділікті арттыру» тақырыбында тренинг өткізді. Барлық педагогтар қызығушылықпен қатынасты. Жаңа оқу жылына әр педагог өзінше серпін алды, тренинг барлық педагогтың көңілінен шықты. Әдіскер Ирзабекова Д.О «Мен 2023-2024 оқу жылы...» мақсатты тренингісін өткізді. Мақсаты: әр педагог жаңа оқу жылына мақсат қою, мақсатқа жетуі үшін алдына міндеттер қою, №5 педагогикалық кеңесте осы жазылған міндеттері бойынша қорытынды жасалатынын ескертті.

Жетінші мәселе бойынша 2022-2023 оқу жылының «Үздік дамытушы орта» байқауына қорытынды жасалды. Қорытынды нәтижесінде «Болашақ» тобының тәрбиешілері Г.Болатова және Ирзабекова Н.-ға ақшалай сыйақы мен диплом табысталды.

Әр түрлі мәселелер бойынша кәсіподақ төрайымы өзгертілді. Кәсіподан төрайымы болып уақытша дене шынықтыру нұсқаушысы Т.Д.Оразов бекітілді.

Ішкі тәртіп ережелерін қайта айтып меңгеруші педагогтарға жұмысқа кешікпеулерін және ата-аналар жиналысын өткізу қажеттігін атап өтті. Әрбір іс-әрекеттерде ата-аналармен тығыз байланыста болуларын ескертті. Балалардың тазалығы мен төлемақысын қадағалауды тапсырды.

Педагогикалық кеңестің шешімін қабылданды.

Қаулы:


1. 11 қыркүйекке дейін топтардың жеке іс-қағаздары тапсырылсын.
2. Қыркүйек айының екінші аптасында перспективалық жоспарлар бекітілсін.

3. Ішкі тәртіп толықтай сақталсын, жұмысқа уақытылы келсін.
4. Топтардағы дамытушы орталықтар толықтырылсын.
5. Білім беру-тәрбиелеу процестеріне ата-аналар тартылсын. Ашық есік күндері ұйымдастырылсын
6. Жасанды интеллект технологияларын меңгеру бойынша педагогтар арасында жиі шеберлік сағаттары өткізілсін.

Төрайымы
Хатшы



Д.Ирзабекова
А.Таменова

БЕКІТЕМІН:
«Аяжан» жекеменшік балабақша
директоры  Ирзабекова Д.

Тренинг: «Өзіне деген сенімділікті арттыру»

Әдіскер: Ирзабекова Д.

2023-2024жж

«Өзіне деген сенімділікті арттыру»

Мақсаты: педагогтердің өзіне деген сенімділігін арттыру, өзін-өзі бағалауын қалыптастыру, жағымды көңіл күй сыйлау және кәсіби мүмкіндіктерін дұрыс бағалауға көмектесу.

Міндеттері:

- педагогтердің өз бойындағы жағымды қасиеттерін анықтау;
- өз күшіне сенуге үйрету;
- жағымды ойлау дағдыларын қалыптастыру;
- ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.

Тренинг барысы

1. «Шаттық шеңбері» жаттығуы

Педагогтер шеңберге тұрады. Әр қатысушы жанындағы әріптесіне қарап, оның бойындағы бір жақсы қасиетін айтып, жылы лебіз білдіреді.

Жүргізуші:

«Жылы сөз адамға күш береді. Бір-біріміздің жақсы қасиеттерімізді көріп, бағалай білейік. Жақсы сөз айту арқылы өзіміз де жағымды көңіл күйге бөленеміз».

2. «Менің жақсы қасиеттерім» жаттығуы

Қатысушыларға қағаз беріледі. Әр педагог өз бойындағы 5 жақсы қасиетін жазады.

Қорытынды:

Әр адамның өзіне тән ерекше қасиеті бар. Өзінің жақсы жақтарын көре білу – өзіне деген сенімділіктің алғашқы қадамы.

3. «Менің жетістіктерім» жаттығуы

Педагогтер кәсіби қызметіндегі өздері мақтан тұтатын 2–3 жетістігін еске түсіреді.

Мысалы:

- балалармен жақсы қарым-қатынас орнаттым;
- ата-аналармен бірлесіп жұмыс жасадым;
- қызықты ұйымдастырылған іс-әрекет өткіздім;
- жаңа әдіс-тәсілді меңгердім;
- қиын жағдайдан дұрыс жол таба алдым.

Әр педагог өзінің бір жетістігін ортаға айтады.

Жүргізуші:

«Біз кейде өз жетістіктерімізді елемей, тек кемшіліктерімізге назар аударамыз. Ал өз еңбегімізді бағалау – өзімізге деген сенімділікті арттырады».

4. «Сенімділік баспалдағы» жаттығуы

Тақтаға баспалдақ бейнесі ілінеді. Әр баспалдаққа мына сөздер жазылады:

Өзімді қабылдаймын → Өзіме сенемін → Әрекет етемін → Қателесуден қорықпаймын → Мақсатыма жетемін.

Педагогтер осы баспалдақтардың ішінен өзіне қазіргі уақытта ең жақын тұрғанын таңдайды және қысқаша түсіндіреді.

Мақсаты: педагогтің өзінің қазіргі эмоционалдық жағдайын түсінуі және алға ұмтылуына мотивация беру.

5. «Өзіңе сен!» жаттығуы

Қатысушылар ыңғайланып отырып, көздерін жұмады. Жүргізуші баяу дауыспен төмендегі сөздерді оқиды:

«Мен өзімді бағалаймын.
Мен өз қабілетіме сенемін.
Менің қолымнан көптеген жақсы істер келеді.
Мен қиындықтарды жеңе аламын.
Мен жақсы педагог болуға ұмтыламын.
Мен өз мақсатыма жете аламын.
Мен өзіме сенемін!»

Соңында педагогтер көздерін ашып, бір-біріне күлімсірейді.

Қорытынды

Жүргізуші:

«Өзіне деген сенімділік – адамның өміріндегі маңызды қасиеттердің бірі. Педагог өзіне сенімді болған кезде баламен де, ата-анамен де, әріптестерімен де еркін қарым-қатынас жасай алады. Сондықтан өз жетістігімізді бағалап, қателіктерімізден сабақ алып, алға ұмтылуымыз қажет».

Рефлексия «Бір сөзбен»

Әр педагог бүгінгі тренингтен алған әсерін **бір сөзбен** айтады.

Мысалы: қуаныш, сенім, жігер, шабыт, көтеріңкі көңіл күй, мотивация.

Қорытынды сөз

**«Өзіне сену – жетістікке бастайтын алғашқы қадам.
Өзіңізді бағалаңыз, өз күшіңізге сеніңіз және әр күнді жаңа мүмкіндік деп қабылдаңыз!»**